

**Хасенов Е., «Фемида» Заң академиясының 2-бағам магистранты  
Ғылыми жетекшісі: М. К. Ұнтықбаев, қылмыстық және іс-журғизу  
кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты**

## **ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ БІТІМ ҰФЫМЫ**

Қылмыстық-құқықтық қатынастар деп қылмыс жасау фактісінен бастау алатын қылмыс жасаған және соның салдарынан жазалануы тиіс тұлғамен және қылмыс жасап кінәлі болған тұлғаға қылмыстық заңда көзделген мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы мемлекет арасындағы қатынастар түсініледі. Қылмыстық құқықтың дамуы барысында бітім мемлекеттік органдардың белсенді бітімгерлік рөлі арқылы қатысушылардың өзара бағыттас зәң маңызды әрекеттерінің жиынтығы ретінде жүзеге асатын, қоғамда қылмыс жасау нәтижесінде пайда болатын жаңжалды реттеудің арнағы қылмыстық-құқықтық тетігі ретінде институттанды. Оның үстінен заңнамада солар туралы істер бойынша бітім мүмкін болатын қылмыстардың шенбері айқындалған.

Құқық салаларының қолданылу мүмкіндігі бар қылмыстық және қылмыстық-үдеріс құқығы болып бөлінуіне байланысты ол (бітім) заңнамада материалдық та, сондай-ақ процесдуалдық құқықтың да нормасы болып бекітілді. Сонымен талданып отырған бітім институттың тұтас алғанда қылмыстық-құқықтық және қылмыстық үдерістік сипаттағы ерекшеліктері бар кешенді құқықтық институт ретінде тану керек. Қылмыстық іс жүргізу заңнамасының қылмыстық заңнамаға қатысты бағыныштылығын ескере отырып, бітім түсінігінің қылмыстық-құқықтық аспектісін негізгі деп санаймыз.

Қылмыстық құқық теориясында жәбірленушімен бітімге келу түсінігі біркелкі емес. Қылмыстық-құқық зерттеушілері мен қылмыстық іс жүргізу зерттеушілерінің «бітім» түсінігінің мазмұнын ұғынуы көптеген авторлардың түсіндірме жасау кезінде оны тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке тартудан жәбірленушінің біржақты бас тарту трактовкасына негізделетінін көрсетеді.

Қылмыстық іс жүргізуде материалдық құқықпен салыстырғанда жәбірленушімен бітімдесудің екі түрі бар:

1) жәбірленушінің қылмыс жасаған тұлғаны қылмыстық жауапкершіліктен босату туралы ерік білдіруі мемлекеттік орган үшін міндетті болатын бітім (жеке айыптау істері бойынша бітім). Мұнда жәбірленушінің ерік білдіруінің императивті сипаты өзге ешқандай зәң шарттармен байланысты емес;

2) жәбірленушінің қылмыс жасаған тұлғаны қылмыстық жауапкершіліктен босату туралы ерік білдіруі мемлекеттік орган үшін міндетті болмайтын бітім (жария және жеке-жария айыптау істері бойынша бітім). Мұнда жәбірленушінің ерік білдіруі босатудың шарты ретінде белгілі бір зәң жағдайлармен байланысты<sup>1</sup>.

Біз зерттең отырған мәселеге қатысты қылмыстық істі қысқартудың негізі үл туралы жәбірленушінің етініші емес, тек жәбірленуші мен қылмыс жасаған тұлғаны бітімдесі бола аллады. Өйткені жәбірленушінің етініші жәбірленуші мен қылмыс жасаған тұлға арасында келісімге қол жеткізілгенін ғана айғақтайды.

Заңмен қоргалатын жоғары әлеуметтік құндылықтар – адамның табиги құқықтары мен бостандықтарының бастапқылығы мен ажырамастығын мойындау негізінде қылмыстық саясатты гуманизациялау стратегиясы қазақстандық қылмыстық құқықтағы «кудалаушылықсыз» бағыттың өзектілігін негіздейді. КР қолданыстағы қылмыстық заңнамасы осылан ықпал

етеді, бұл ең алдымен қылмыстық жауапкершіліктен босатудың жаңа негіздері – жәбірленушімен бітімдесуді қарастыратын ҚР ҚҚ 67-бабын енгізудің нәтижесінде мүмкін болып отыр.

---

<sup>1</sup> Давыдова Е. В., Кибальник А. Г., Соломоненко И. Г. Примирение с потерпевшим в уголовном праве. — Ставрополь: Ставропольсерисшкола, 2002. — С. 35-36.